



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

АЙЛЫҚ «Ауырмайтын жол ізде»

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орай туберкулездің алдын алу айлығы аясында бұқаралық ақпарат құралдарында, медициналық, физиятриялық ұйымдарда, білім беру мекемелерінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жоспарланған.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәлімдеуінше, Қарағанды қаласының «Орталық әмбебап дүкен», «Ұмай», «Глобал Сити» сауда үйлері мен «Шығыс», «Алтын арба», «Арай» базарларында және Теміртау қаласының «Аян-Пассаж» сауда үйінде жылжымалы флюорографиялық қондырғылар жұмыс істейді. Мұндай кешен Балқаштағы сауда нүктелерінде де қойылған.

Аймақта туберкулездің негізгі кейбір көрсеткіштері төмендегенімен, жалпы эпидемиологиялық жағдай күрделі. Бұл, мамандардың айтуынша, дәрілік препараттарға төзімді науқастар санының артуымен байланысты.

Аймақта туберкулезбен сырқаттанушылық 6,5%-ға төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 35,0-ді құрады.

Бірлік пен берекенің отыз жылы

Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Алғыс айту күніне арналған «Адамгершілік – асыл қасиет» атты облыстық форумы өтті. Шараға облыстық ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, ардагерлер, азаматтық қоғам өкілдері қатысты. Сондай-ақ, облыстың қала және аудандарынан өкілдер онлайн қосылды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың этномәдени бірлестіктері Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған және Ассамблеяның қоғамды дамытуға қосқан үлесін көрсететін «Бірлікпен гүлденген Сарыарқа» атты көрме ұсынды. Көрме облыс әкімінің тапсырмасымен облыстың барлық қалалары мен аудандарын аралап шығады.

Форум аясында «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 30 жыл» ескерткіш тақтасының ашылу салтанаты өтті.

ҚХА өңірдегі төрағасы, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып, өз атынан форумға қатысушыларды құттықтады.



Біз алғашқылардың бірі болып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мерекелеуді бастадық. Ассамблея құрылған жылдарында біздің қоғамымыздың маңызды буынына айналды. Бұл өзара құрметке, ынтымақтасуға және қолдауға толы жол болды. Сіздерді тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жана белеске жетелейтін, бірлігімізді бекемдейтін Алғыс айту күнімен құттықтаймын! – деген Ермағанбет Қабулаұлы «Ақсақалдар кеңесі» республикалық форумының қоғамдық және азаматтық сектор тарапынан жоғары

бағаланғанын атап өтіп, осындай іс-шараларды тұрақты түрде өткізу қажеттігін тапсырды.

Форум аясында облыстық ҚХА белсенділері облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ, Ассамблея мүшелері «Қайырымдылық керуені» атты қайырымдылық акциясының бастау алғаны туралы жария етті. Оған облыс аудандары мен өңірлерінен этномәдени бірлестіктердің өкілдері қосылды.

Қарағанды облысының корей этномәдени бірлестігінің төрайымы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Лилия Ким «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында Қарағанды құрылыс-техникалық колледжінің 4-курс студенті Мұхаметәлі Исаянға әлем чемпионатында өнер көрсету үшін демеушілік көмек көрсетілетінін хабарлады.

Балқаш қаласының Аналар кеңесінің төрағасы Альмира Мусина «Қайырымдылық керуені» акциясын толық қолдайтынын айтып, Балқаш қаласының Аналар кеңесінің өкілдері қаладағы перзентханаларды аралап, Алғыс айту күні туған балаларды құттықтайтынын жеткізді.

«Өмір тынысы» қоғамдық

біріктірігі трансплантацияланған науқастардың төрағасы Жәнібек Успанов донорларға адамдардың өмірін сақтауға қосқан баға жетпес үлестері үшін алғыс білдірді. Ал, донорлар мен донорлық органдарды алған адамдар өздерінің тарихтарымен бөлісті.

«Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев этномәдени бірлестіктердің барлық басшыларының атынан тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі қонақжайлылығы үшін қазақ халқына алғыс айтты.

Форум соңында этномәдени бірлестік өкілдері мен форумға қатысушылар қаланың орталық алаңында бас қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Туелсіздік стелласына гүл шоқтарын қойды. Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері осы күні дүниеге келген балаларды құттықтап, перзентханаларға барады.

Жалпы, Қарағанды өңірінде Алғыс айту күніне арналған 100-ден астам іс-шара өткенін айту керек.



Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қамданбасак, қапы қалдырар қауіп бар


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуінде тасқын апаттарының алдын алу жұмыстарындағы олқылықтарды жоюдан бастап, су шаруашылығы мамандарының жетіспеушілігі мен табиғатқа немқұрайлы қарау мәселелеріне дейін көптеген түйткілдерді шешу қажеттігіне мән берді. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп, зардап шеккен аймақтарда құқықтық тәртіптің сақталуын қатаң бақылауда ұстауға тиістігін қатаң айтты. Ал, көктем қыр астында, Облыста оқыстан дүрбелең туыраушы су тасқынының қауіп айтарлықтай өзекті сипатқа ие болып отыр. Мәселен, өңірде 150-дей елді мекенге тасқын судан қауіп бар. Қардың қалыңдығы мен жердегі тоңның 30 сантиметрге жетуі жағдайды күрделендірді. Күн күрт жылыған жағдайда су тасқыны қауіпі артуы мүмкін...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған орай, облыста елді мекендерді су тасқынынан қорғау үшін 180-ге жуық іс-шара орындалды. Бірінші наурыздан бастап, жағдайды бақылау үшін жоғары дайындық режимі енгізіледі. Есіңізге салайық, бергідегі жұмыс сапары аясында Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Арыновпен және Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығы Марғұлан Аманбаевпен бірге өңірдің қауіпті учаскелерін аралап шықты. Бұқар жырау, Шет және Абай аудандарының елді мекендері, Нұра және Шерубай-Нұра өзендерінің арналары, Самарқанд және Шерубай-Нұра су қоймалары жете тексерілді. Аталған мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың бақылауында. Аймақ басшысы осы түйткілді кез келген келелі жиында құзыретті мекемелер өкілдеріне тиісті тапсырма жүктеп келеді. Өңірде су тасқыны қауіпі жоқ емес. Тиісті органдар алдын алу шараларын жүзеге асыруда. Алайда, табиғи факторлар мен климаттық өзгерістер жағдайды күрделендірді. Сондықтан, тұрғындар мен жергілікті билік бірлесіп отырып, су тасқынының алдын алу және оның салдарын жою үшін тиімді әрекет етуі қажеттігі қылаңғытады.

Сарапшылардың пікірінше, су тасқынының алдын алу үшін кешенді шаралар қажет. Облыста 65 шақырым қорғаныс бөгеттері мен дуалдар тұрғызылып, өзен арналарының 18 шақырымнан астам қауіпті учаскелеріне санация жүргізілді. Сондай-ақ, 26 шақырым дренаждық



Сурет ашық дереккөзінен

және су бұру жүйелері тазартылды. Дегенмен, бұл шаралар жеткіліксіз болуы кәдік. Былтыр өңірде су тасқынының екінші толқыны болжанып, жағдай күрделі деп бағаланған. Нұра және Осакаров аудандарының аумақтарының 40%-ында, сондай-ақ, Ақтоғай ауданының солтүстік бөлігінде қар ерімегендіктен, су тасқынының қауіпі сақталуда. Осыған байланысты, төтенше жағдайлардың алдын алу үшін су тасқыны қауіпі бар аудандарға азаматтық қорғау қызметінің қосымша күштері мен құралдары жұмылдырылды. Бұл шаралар су тасқынының салдарын азайтуға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған уағымда.

Қош, сонымен көршілес өңірлерде жағдай қандай? Үңіліп көрелік. Жылма-жыл кесе көлденең келетін табиғат түйткілі бильғы ахуалдың ұшығуына қалың түскен қар, тоң қабатының тереңдігі және климаттық өзгерістер әсер етуде. Өңірде алдын алу шаралары жүргізіліп, олардың тиімділігі көктемгі еріген судың көлеміне тікелей тәуелді

болмақ. Еліміздің өзге өңірлерімен салыстыра отырып, Мәселен, Ақмола облысында 2023 жылғы су тасқынынан кейін қорғаныс бөгеттерін нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Өзен арналары кеңейтіліп, су өткізу қабілеті жоғары құбырлар орнатылды. Ал, Солтүстік Қазақстан облысында да алдын ала су реттеу шаралары жүзеге асырылып, стратегиялық маңызы бар су қоймаларының деңгейі жіті бақылауға алынды. Павлодар облысында дренаж жүйелерін тазарту және арналарды кеңейту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өңірмізде де қызыл суға қарсы кешенді іс-шаралар қолға алынғанымен, сарапшылар аймақтағы қорғаныс инфрақұрылымының әлі де әлсіз екенін алға тартады. Өзен арналарын тереңдету, су бұру жүйелерін кеңейту, қарды уақытылы шығару жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Бұдан бөлек, көршілес өңірлердегі тәжірибені ескеріп, жергілікті халықты тасқын қауіпі туралы ақпараттандыру және эвакуациялық жоспарларды нақтылау маңызды.

Су тасқыны қауіпінің артуы – тек жауын-шашын мөлшеріне ғана емес, климаттың өзгеруіне байланысты факторлармен де тығыз байланысты. Соңғы жылдары Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлерінде қардың түсу көлемі мен тоң қабатының тереңдігі артқаны байқалады. Бұл құбылыс жаһандық жылыну салдарынан өзгеріске ұшыраған маусымдық ауа температурасының ауытқуына байланысты. Қардың күрт еруі мен жердің тоң қабатының әлі де қатты болуы судың сіңуіне мүмкіндік бермей, оның жиналуына және арнасынан асуына әкеледі. Су тасқыны қауіпі азайту үшін кешенді шаралар қажет. Бұл – өзен арналарының кеңейтілуі, дренаж жүйелерін жетілдіру, стратегиялық су қоймаларының деңгейін бақылау және дер кезінде су бұру жұмыстарын жүргізу. Көршілес облыстардың тәжірибесіне сүйеніп, заманауи су реттеу технологияларын енгізу – төтенше жағдайдың алдын алуға үлкен септігін тигізбек. Сонымен қатар, жергілікті халықты алдын алу шараларына белсенді түрде тарту, оларды ақпараттандыру және қауіпті аудандардан дер кезінде эвакуациялау жоспарларын нақтылау да аса маңызды. – дейді климатолог маман Еркін Толеубаев.

Облыста су тасқынының алдын алу

болмақ. Еліміздің өзге өңірлерімен салыстыра отырып, Мәселен, Ақмола облысында 2023 жылғы су тасқынынан кейін қорғаныс бөгеттерін нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Өзен арналары кеңейтіліп, су өткізу қабілеті жоғары құбырлар орнатылды. Ал, Солтүстік Қазақстан облысында да алдын ала су реттеу шаралары жүзеге асырылып, стратегиялық маңызы бар су қоймаларының деңгейі жіті бақылауға алынды. Павлодар облысында дренаж жүйелерін тазарту және арналарды кеңейту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өңірмізде де қызыл суға қарсы кешенді іс-шаралар қолға алынғанымен, сарапшылар аймақтағы қорғаныс инфрақұрылымының әлі де әлсіз екенін алға тартады. Өзен арналарын тереңдету, су бұру жүйелерін кеңейту, қарды уақытылы шығару жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Бұдан бөлек, көршілес өңірлердегі тәжірибені ескеріп, жергілікті халықты тасқын қауіпі туралы ақпараттандыру және эвакуациялық жоспарларды нақтылау маңызды.

Су тасқыны қауіпінің артуы – тек жауын-шашын мөлшеріне ғана емес, климаттың өзгеруіне байланысты факторлармен де тығыз байланысты. Соңғы жылдары Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлерінде қардың түсу көлемі мен тоң қабатының тереңдігі артқаны байқалады. Бұл құбылыс жаһандық жылыну салдарынан өзгеріске ұшыраған маусымдық ауа температурасының ауытқуына байланысты. Қардың күрт еруі мен жердің тоң қабатының әлі де қатты болуы судың сіңуіне мүмкіндік бермей, оның жиналуына және арнасынан асуына әкеледі. Су тасқыны қауіпі азайту үшін кешенді шаралар қажет. Бұл – өзен арналарының кеңейтілуі, дренаж жүйелерін жетілдіру, стратегиялық су қоймаларының деңгейін бақылау және дер кезінде су бұру жұмыстарын жүргізу. Көршілес облыстардың тәжірибесіне сүйеніп, заманауи су реттеу технологияларын енгізу – төтенше жағдайдың алдын алуға үлкен септігін тигізбек. Сонымен қатар, жергілікті халықты алдын алу шараларына белсенді түрде тарту, оларды ақпараттандыру және қауіпті аудандардан дер кезінде эвакуациялау жоспарларын нақтылау да аса маңызды. – дейді климатолог маман Еркін Толеубаев.

Облыста су тасқынының алдын алу



Президент тапсырмасын
орындай отырып...

бойынша белсенді қадамдар жасалғанымен, бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту қажет екенін табиғаттың тосын мінезіне дайын болу – халықтың қауіпсіздігі мен инфрақұрылымның тұрақтылығын сақтаудың басты кепілі. Сондықтан, өңірлік билік көрші облыстардың тиімді тәжірибесін зерделеп, нақты әрі жүйелі шешімдер қабылдауға ден қойғаны абзал.

Әрине, Үкімет тарабы да үнсіз отырмай жатқан жоқ. Тасқынға тосқын ретінде қос-момониторинг жүйесі арқылы бірнеше маңызды қадамдардың жасалғанын айтпай өтпеске тағы болмас. Бір мысал, су тасқыны болжау және модельдеу жүйесі Tasqyn өндірістік пайдалануға енгізілгендігі хақында Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің баспасөз өкілдері ресми негізде ақпарат айдынына ақпарат жолдағаны кеше ғана. Оның үстіне жасанды интеллекттің алға тартар «ақылы» да жоқ емес.

Табиғаттың тосын мінезіне төтеп беру – адамның гасырлар бойы үйреніп келе жатқан сынағы. Су тасқынының қауіпі – тек бүгінгі күннің мәселесі емес, ол өткеннен қалған сабақ. Өзен арнасынан асып, жер бетін шайып өткен топан су – адамзаттың сабырын сынамайтын, бірлігін бекемдейтін, ортақ жауапкершілікке шақыратын табиғи құбылыс. Бірақ ең бастысы – әр сәтке дайындық, қауіптің алдын алу. Су тасқыны – жай апат емес, ол өмірді қайта түлетуде, табиғатпен үндесе әрекет етуге үйрететін сабақ. Бізге керекті – дабыл қағылғанда дағдарып қалмау, тосын жағдайға тастүйін дайын болу.

Ел басына күн туған сәтте халқымыздың бірлігі мен ауызбіршілігі бар сынақты жеңген. Табиғаттың тосын мінезі қаншалықты қатал болса да, адамзаттың өзара жанашырлығы мен ынтымағы одан да қуатты. Бізге сын сағатында жүдырықтай жұмылып, бір-бірімізге демеу болу – маңызды міндет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзімен айтсақ, «Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді».

Орталық газ экологияны оңалтады

Маңызды мәселенің бірі – тұрғын үйлерді орталық газбен жабдықтау. Бүгінде үйлерді көмірден газға ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жайлы облыс әкімдігінде өткен аппарат кенесінде айтылды.



Коллажды жасаған Арайлым Қожаева

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Быттыр Қарағанды және Теміртау қалаларында үшінші іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу жұмыстары аяқталды. Елдімекендерді газдандыру халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, экологиядағы ластануды азайтады. Отын сатып алуда қаражат үнемдейді. Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттырады. Экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал ететін табиғи газды пайдалану маңызды. Өңірде абоненттерді газбен жабдықтау жүйелеріне қосуға қатысты жеке тұлғалар үшін техникалық шарттар берілуі тиіс, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінде тарату желілері арқылы 9 589 жеке тұрғын үйге газ (Қарағанды

– 6 076, Теміртау – 3 513) жеткізілді.

2023 жылы өңірде орталық газбен жабдықтауға 300 үй, 2024 жылы 206 үй қосылған. Бұл бағдарлама тұрғындарға ай сайынғы төлемі 10-нан 17 мың теңгеге дейін 5 жылға дейінгі мерзімге бөліп төлеуге, үйлерді газға пайызыз қосуға мүмкіндік берді. Тұрғындардың басым көпшілігі экологиялық жағдайды жақсартудағы көмірден газға ауыстыру мәселесіне байыппен қарады. Бүгінгі таңда абоненттерді газбен жабдықтау жүйелеріне қосуға қатысты жеке тұлғалар үшін 6 401 техникалық шарт берілген.

– 5 058 үй газбен жабдықтауға қосылған. Тариф 2023 жылғы қаңтарда 1 текше метр үшін қайта бекітілді. Қосылған құн салығымен – 37,6 теңге, онсыз 33,5 теңгені

құрап отыр, – деді облыстың энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Тілегес Досаев.

Биыл Қарағандыда 4, 5 және 6 іске қосу кешені бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталады. Сондай-ақ, Теміртау қаласы бойынша бүкіл қаланы газдандыру жобасы аяқталмақ. Шахтинск қаласында Солтүстік-Батыс кентінде төмен қысымды газ құбырын төсеу жұмыстары жалғасып, қала ішінде желілерді төсеу жұмыстары басталады.

Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожуховтың айтуынша, орталық газ жаңа қаладағы жеке сектордың бірқатар көшелеріне, атап айтқанда, Космонавт, Пищевая, Гончарная, Кондитерская, Кирпичная, Балқаш, Четская, Рахымов және



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тағы да басқа көшелерге тартылады.

Сонымен қатар, ескі ауежай ауданында Қ.Шектібаев, Ғ.Құлжабаев, Х.Қабжанов көшелері газдандырылады.

– Қарағанды қаласын газдандыру жобасы 4 кезекті және 16 іске қосу кешенін қамтиды. Бұл бізге қала орталығында экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді, – деді Мейрам Қожухов.

– Теміртау қаласында 2020 жылдан бастап, «Теміртау» АГТС-тен «Сары-Арқа» магистральдық газ құбырынан газ тарату желілерін салу жобасы іске асырылуда. Қаланың газбен жабдықтау жүйесі сегіз іске қосу кешенін қамтитын үш кезекке бөлінген. Жобада барлығы 6 357 үйді газдандыру көзделген. Бүгінде 3 513-і газға қол жеткізе алады. «QazaqGaz Аймақ» АҚ 2 066 техникалық шартты берді. Оның ішінде 1 561 үй орталықтандырылған газбен жабдықтауға қосылған, – деді қала әкімі Ғалым Өшімов.

Аймақ басшысы өңірді одан әрі газдандыру қарқынын арттыру үшін тапсырма берді.

– Тұтынушылардың газға қосылуына мүмкіндік беретін техникалық шарттарды жалғастыру керек. Құжаттарды ресімдеу жүйесін жетілдіру қажет, – деп атап өтті өңір басшысы.

• ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Бизнеске жаңа мүмкіндік

Мұнай саласындағы ірі оператор – «Karachaganak Petroleum Operating B.V.» (КПО) бас директоры Марко Марсили бастаған консорциум делегациясы облысқа келді. Жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған жұмыс сапарында облыс әкімдігімен меморандумға қол қойылды. Меморандум мақсаты – жергілікті тауар өндірушілерді қолдау. Сондай-ақ, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындары қатысқан кеңес өтті. Онда мұнай-газ секторындағы қазақстандық қамту үлесін ұлғайту жолдары және КПО-мен ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сапар аясында делегация мұнай-газ саласына арналған жабдыктар өндіруге маманданған «Sigma Corporation», «Казфитингпласт», «Имсталькон» және «Ветер Арматура» зауыттары сияқты облыстың жетекші кәсіпорындарында болды.

Делегация бірқатар кәсіпорындардың өндірісімен танысты.

– Қарағанды облысы – еліміздің жетекші индустриялық орталықтарының бірі. Мұнда қазақстандық жалпақ прокат, тас көмірдің үштен бір бөлігінен астамы және барлық кокс көмірі, тазартылған күміс пен алтын, мыс, феррокорытпалар және тағы басқалары өндіріледі. Шикізат бағытына қарамастан, біз экономика құрылымын өзгерту үшін жұмыс істеп жатырмыз. Машина жасау, құрылыс индустриясы салаларында импортты алмастыратын өндіріс ашамыз. Өнеркәсіп алаңдарын кеңейту жұмыстарын жүргізудеміз. Өнеркәсіптік әлеует Қазақстанның ірі компанияларын, оның ішінде Karachaganak Petroleum Operating B.V.-де қамтамасыз етуге қабілетті, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Ал, Марко Марсили болса, Қазақстан өнеркәсіп секторында орасан зор әлеуетке ие екенін айтып, жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтылатынын жеткізді.

Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасын КПО бас директорының орынбасары Мұхтар Манкеев таныстырды.

– Бүгінде КПО деректер базасында Қарағанды облысынан 86 компания тіркелген. 23 компаниямен бізде 49 млн долларға жуық сомаға келісімшарт жұмыстары жүргізілді. Инжинирингтік қызметтерді оқшаулау, жобалау, іздестіру жұмыстары және тағы басқалар туралы қызықты кейс бар. Қарағанды облысындағы бірлескен кәсіпорын біздің тарихымызда алғаш рет жағары технологиялық инжинирингтік жұмыстарды жүргізуге ұзақ мерзімді байланыс алды. Біз қарағандылық әріптеске өте жақсы жағдай жасадық. Қазір Қарашығанак кен орнында жұмыс басталды, – деді Мұхтар Манкеев.

Ол сондай-ақ, жарықдиодты шамдар жеткізетін компанияны мысалға келтірді. Ал «ҚарағандыКаздорпроект» кәсіпорын жол және құрылыс жұмыстарын автотолық қадағалауды жүзеге асырады

КПО-ның Қарағанды облысына сапары және келіссөздер аймақтың қуатты өнеркәсіптік әлеуетке ие және елдің ірі инвесторларымен әріптестікке дайын екендігінің тағы бір дәлелі болды.

Сурет облыс әкімінің сайтынан

«Күміс жастың» көмегі көп

Облыстық еңбек мобильділігі орталығы биыл «Күміс жас» жобасы бойынша 1 620 келісімшартқа қол қойды. Нәтижесінде 50-ден асып, зейнет жасына жақындағандар үшін 3 082 жұмыс орны ашылды. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында ашылған бағдарлама зейнет жасына таяп қалған жандарға көп көмек. Себебі, оларға жұмыс табу оңай емес. Сұранысқа ие мамандықтарды игеріп жатқан жастармен бәсекелесу қиын. Сондықтан, «Күміс жас» аға буын арасында сұранысқа ие. Әрі мемлекет тарапынан субсидия берілетіндіктен, жұмыс берушілердің де аталған бағдарламаға қызығушылығы жоғары.

Жаная ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

«Данель» жеке кәсіп иесі Гүлнұр Нәлібаева әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыттыр келе жатқанын айтады.

– Біздің кәсіпорын 2019 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Зейнет жасына келіп қалған адамдарды жұмысқа алған бізге тиімді. Олар көпфункционалды, жұмысқа жауапты. Валентина Мақсұтқызы мансап орталығы арқылы келді. Өте жақсы адам, бізде кондитер-аспаз болып еңбек етіп жүр. Өзін жақсы жағынан көрсетіп келеді. Осындай адамдарды жіберетін мансап орталығына ризамыз. Әлеуметтік кәсіпкерлікті әрі қарай да дамытуға ниеттеміз, – дейді ол.

Валентина Оспанова күзде 60 жасқа келеді. Зейнетке шығуға әлі ерте. Сондықтан, жұмысқа орналастырды.

– Осы уақытқа дейін барлық жерде істеп көрдім, құрылысшы да, аспазшы да болдым. Үш баламды жеткізу керек болды. «Зейнетке шығар алдында жұмыс істеуге мүмкіндік бар» дегенді естіп, мансап орталығына бардым. Осы жердегі жұмысты ұсынды, келістім. Маған жұмысым ұнайды, ұжым да жақсы, – дейді Валентина Оспанова.

«Күміс жас» жобасының ел көлемінде жүзеге асырып жатқанына 3 жылдың мұздары болды.

Жоба бойынша әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналасқан адамдардың еңбекақысы субсидияланатын бөлігіне қарамастан, жұмыс беруші тарапынан да ай сайын нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді. Жоба шарттарына сәйкес жұмысқа орналасқан алғашқы 12 ай ішінде – жалақы мөлшерінің 70%, екінші жылы – 65%, соңғы жылы

60% көлемінде субсидияланады. Бірақ, субсидия көлемі 30 АЕК аспауы тиіс.

– Еңбек мобильділігі орталығы 50-ден асқан азаматтарды, мансап орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркеледі тұрғындарды жұмыспен қамтуға көмектеседі, – дейді облыстық еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұржан Сыздықов.

– Жоба бойынша 3 100-ге жуық жұмыс орны ашылды, 1 600-ден астам келісімшарт жасалды. Қазіргі уақытта 2 500 адам «Күміс жас» жобасы бойынша жұмыс істеп жүр. «Күміс жас» кейін «Алтын жаспен» жалғастырып кетуге болады. Жалпы, адам саны да, жұмыс берушілер де көбейді. Статистика өсіп жатыр. Жекеменшік балабақшаларға тәрбиешілер, мектептерге педагог, зауыттарға мамандар іздеген сұраныстар түседі.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Арман Жанболов «Күміс жас» жобасымен ипотека орталығында заңгер болып қызметке орналастырды. Биыл екінші жыл жұмыс істеп жатыр.

– Заңгер болғандықтан, өзім білетін жұмыс. Маған ұнайды. Жас маман ретінде алған жігіт бар, ол – көмекшім. Оған да үйретіп жүрмін, – деген ол бұл жобадан кейін «Алтын жас» жобасы бойынша да жұмыс істеуге ниетті екенін жеткізді.

– «Күміс жас» бойынша 3 жыл жұмыс істейміз, кейін тағы бір жыл жұмысқа қалдыру мүмкіндігі бар. Биылдан бастап енгізілген «Алтын жас» жобасы да керемет мүмкіндік. Зейнетке шыққаннан кейін көбісі үйде отыра алмайды. Жұмыс істесе, адамдармен араласқан жақсы, – дейді 54 жастағы Арман Жанболов.

Дерек бойынша аймақ жұмыс берушілерінен тағы 851 жұмыс орнына 380 өтініш түсті.

«Жас маман» жастарға жол ашады

Жұмысшы мамандықтардың беделін арттырып, шеберлік дағдыларын дамыту маңызды. Негізгі мақсат – сұранысқа ие 100 мамандық бойынша колледждер мен жоғары оқу орындарын жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу. Осы орайда құзыреттілік орталықтары жалдамалы қызметкерлерді ғана емес, сонымен қатар, кәсіпкерлерді де дайындайды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда облыста колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші – 88%. Оның ішінде «Жас маман» жобасы аясында мемлекеттік тапсырыстың 60%-ы техникалық мамандықтарға бағытталған. Бұл тізімде металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік бар. Ескірген кәсіп түрлері қысқарып, жаңа мамандықтар қатарға қосылуда.

Білім басқармасындағы техникалық кәсіптік білім беру бөлімінің менеджері Индира Ысқақованың айтуынша, бүгінде түлектерді жұмыспен қамтумен қатар, жатақханалардың материалдық-техникалық база жақсарып, гранттар саны артып келеді. Бұл – «Жас маман» жобасының ықпалы.

Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында кадрларды сапалы даярлау мақсатында «Жас маман» жобасы



Коллажды жасаған Арайлым Қожаева

бойынша жарактандырылған 9 тірек колледж және тиісті даярлық бейні негізінде 45 магниттік колледж анықталды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы 2023 жылмен салыстырғанда 1 100 орынға ұлғайтылып, 9 244 орынды құрады. Колледждерді кластерлеу бойынша да жұмыс басталды. Оның ішінде, білім беру, құрылыс, көлік, энергетика, IT және байланыс, тау-кен өндіру, жеңіл өнеркәсіп сынды ауыл шаруашылығының тірек колледжі бар. Әр сала бойынша колледждердің мектептермен және кәсіпорындармен өзара іс-қимылы нақтыланған.

Биыл облыстың екі ірі колледжінде өңірлік сұраныстарға жауап беретін су шаруашылығы, туризм сынды қосымша заманауи мамандықтар ашылады.

Сонымен қатар, студенттер саны аз ауылдық колледждер базасында ересектерді оқытуды қамтитын орталық құрылуда, – дейді Индира Ысқақова.

Бүгінде материалдық базаны жақсарту мақсатында көлік, тау-кен өнеркәсібі, азықтүлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, қызмет көрсету, энергетика салаларына көңіл бөлінген. «Жас маман» жобасында Германия, АҚШ, Швец-

ция, Франция, Италия, Аустрия елдерінде шығарылған әлемдік брендтердің заманауи қондырғыларымен жабдыкталған 14 колледж бар.

Шеберлік тәжірибе арқылы шыңдалады

Сол 14 колледждің білім сапасы да жыл сайын жақсарып келеді. Бұл орайда ірі инвесторлар мен оқыту бағдарламаларын өзгертуге әзір кәсіпорындар таңдалған. Бұл – өз кезегінде еңбек нарығын біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз етуге сеп. Мәселен, облыстағы 33 мемлекеттік колледжде жұмыспен қамту және мансаптық осу орталықтары құрылған. Дуальды оқыту 6,4 мыңнан астам адамды қамтитын 42 колледжде жүргізілуде. 360 кәсіпорынмен ынтымақтастық сәтті жолға қойылған.

Кәсіпорында мамандық мақсатты оқыту бойынша келісім белсенді жасалған. Биыл келісімшартпен 467 студент білім алуда, келесі оқу жылына тағы 300 студент қабылдау жоспарланған.

– Бүгінгі таңда 6 колледжде 8 жаңа мамандық ашылды. Олар «Цифрлық технология», «Дене шынықтыру және спорт», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Құрылыс және ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану», «Банк ісі және сақтандыру», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Интерьер дизайны», – дейді басқарма мамандары.

Биыл «Жас маман» аясында Қараған-



Реформа – өміршең өзгерістер

ды тағамтану және сервис колледжінде шағын наубайхана ашылды. Жоба студенттерді кәсіпке үйретіп, колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталмақ.

WorldSkills: жұмысшы мамандығы – сұраныста

Колледж студенттерін дамыту мақсатында облыста WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына дайындық белсенді жүреді. Сондай-ақ, жыл сайын жұмысшы мамандықтарының фестивалі өтеді. Жастар фестивалінде жобаларын таныстырады. Белсенділері чемпионатқа барады. Саранда Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған фестивальға Қарағанды теміржол колледжі де қатысты. Студенттерді тоғыз мамандық бойынша оқытатын білім ордасы «Жас маман» жобасы бойынша қажетті жабдыктармен толық қамтылған.

– Студенттерді теміржолдың барлық мамандықтарына оқытамыз. Оқушыларды колледж мамандықтарымен таныстыру үшін фестивалдерге барамыз, – дейді Қарағанды теміржол колледжінің оқытушысы Индира Төлеуқанова.

40 күнде қалай мұғалім атануға болады?



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Президент ұстазды қоғамдағы басты кейіпкер ретінде дәріптеу маңызды екенін айтқан. Себебі, елдің дамуына бірден-бір үлес қосып жатқан педагогтердің еңбегі ерен. Осы орайда кадр тапшылығын жою үшін Президент тапсырмасымен мұғалімдер арасында көшбасшыны іріктеу әрі даярлау бойынша арнайы жобалар іске қосылған.

Білім беру жүйесіндегі педагог маманға қажеттілік мәселесін шешіп, теңсіздікті жоюға бағытталған жобаның бірі – «Teach for Qazaqstan». Бұл жоба педагогикалық білімі жоқ жас мамандарды білім беру саласына бағыттады. Мысалы, математика мамандығын игерген, бірақ педагогика бойынша диплом алмаған мамандар, педагогиканы оқытатын арнайы курстан кейін мектепте мұғалім бола алады деген сөз.

Бағдарлама әр баланың қадір-қасиеті мен даралығы құрметтелетін қауіпсіз орта құрады. Қызықты бастама жастарға жаңа саланы үйретіп, келісімшарттық кезеңмен жұмысқа тұруға мүмкіндік беруде. Бүгінде Қарағанды облысында «Teach for Qazaqstan» бағдарламасының ықпалымен 32 педагог жұмыс істейді. Олардың дені – еліміздің өзге өңірлерінен.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Мәселе мектеп салуда емес»

Педагогикалық білімі жоқ мамандардың мектептерде сабақ беруі, ол үшін олар арнайы курстан өтуі қажеттігін депутат Асхат Аймағамбетов атап өткен. «Мемлекет басшысының «2025 жылға дейін 1000 мектеп салу керек» деген тапсырмасы бар. Жалпы, қоғам мен сарапшылар көбінесе мектеп салудың күрделілігін ғана айтады. Мәселе мектеп салуда емес, осы білім ордаларында жұмыс істейтін 150 мың педагог даярлауда. Яғни, проблеманы шешудің басты кілті – мұғалімдер даярлау», – деген болатын министр.

Осылайша кадр тапшылығы мәселесін шешуде дүниежүзілік тәжірибе ескерілетін болды.

– Яғни, биылдан бастап белгілі бір сала мамандары арнайы курс оқыған соң мектепте сабақ бере алады. Мұны ведомство басшысы: «Мысалы, математика мамандығын игерген, бірақ, педагогика бойынша диплом алмаған мамандар бар. Енді заңнамаға енгізілген өзгеріске сәйкес, математиктер педагогиканы оқытатын арнайы курстан кейін мектепте мұғалім бола алады. Осы рәсім бойынша мектепке сапалы мұғалімдерді тартамыз. Педагог болуы керек деген міндет жоқ. Басты шарт – математиканы жақсы білу», – деп түсіндірді.

Алайда, қоғамда «Шымшық сойса да, қаспашы сойсын» деген даналықты алға тартып, «Әр пәнді өзінің маманы бергені дұрыс, бұл балаларымыздың келешегі үшін де аса маңызды» деген пікірлер де пайда болды. Бірақ, «Мұғалім жоқ» деген сөзден гөрі, «Мұғалім тапшылығы жойылды» деген пікірді алға тартып, түрлі сала мамандарын педагогикаға кіріктірген «Teach for Qazaqstan» жайлы айтпақпыз.

15 мектепке маман керек

Жобаға қатысушыларды «Teach for Qazaqstan» қоры тегін оқытады. Сондай-ақ, келісімшарттық кезеңі аяқталғанға дейін қолдау көрсетеді. Осы орайда «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорының директоры Гүлнара Салмен жас мамандарды білім беру саласына тартуға бағытталған жоба жайлы жан-жақты айтып берді.

– Жоба басталмас бұрын алдымен педагогикалық мамандарға қажеттілігі жоғары мектептерді анықтау үшін ұйымдарға сауалнама жүргізілді. Осылайша



біз өзімізге баса назар бөлетін мектептерді анықтап алдық. «Teach for Qazaqstan» қорының өкілдері ауылдық өңірлер мен шағын қалалардың мектеп ұжымдарымен берік байланыс орнатуға көмектесті. Біз педагогикалық кадрларға қажеттілігі бар 15 серіктес мектепті анықтадық. Бұл осы білім беру ұйымдарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бар күш-жігерімізді бағыттауымыз керек.

2023 жылдың сәуір айында облыстық білім басқармасы қормен меморандумға қол қойды. Бұл біздің серіктестігіміз бен ынтымақтастығымызды нығайтатын құжат, – деді Гүлнара Салмен.

Нақтылай өтсек, «Teach for Qazaqstan» қоры конкурстық негізде кандидаттарды анықтап, оларды қайта даярлау курсынан өткізеді. Жеңімпаздар сертификат алғаннан кейін серіктес мектептерге жұмысқа орналасады. Қор жобаға қатысушыларға әдістемелік көмекпен қатар кураторлықпен коучингтік қолдау көрсетеді. Екі жылын өңірлік мектептерде сабақ беруге арнауға дайын түрлі сала мамандарын іріктеп, оқытады.

– Бағдарлама аясында қатысушылар өңірлік мектептерге ресми жұмысқа орналастырылып, толық қаржылай, әдістемелік және жетекшілік қолдау табады. Бағдарламаның қатысушылары еңбекақыға қосымша 300 000 теңге көлемінде ай сайынғы шәкіртқақы алады. Қатысуға педагогикалық та, сондай-ақ, басқа бағыттардың да жоғары білімі бар мамандары шақырылады. Қатысушылар ұстаздық қызметпен қатар қоғамдық жұмыстармен де айналысады және өңірде мәдени-ағартушылық жобаларды да қолға алатын болады. Жобаға қатысушылардың бұдан бұрын педагогикалық салада қызмет атқармағанын атап өткен жөн.

– Бұл жерді соншалықты жақсы көріп кетемін деп ойлаған жоқпын. Басында көңілім қалмас үшін үлкен үміт артқан да жоқпын, бірақ, бәрі ойдағыдай болды. Қала кішкентай болғанына қарамастан, 40 000 адам тұрады. Мұнда инфрақұрылым жақсы дамыған. Шахтинск қаласының азаматтары әрқашан көмекке кел-

Қазіргі уақытта 31 қатысушы Қарағанды облысындағы 9 мектепте ұстаз ретінде жұмыстарын жалғастыруда, – дейді Гүлнара Салмен.

Қатысушылар қуанышты

Сол ұстаздардың бірі, «Teach for Qazaqstan» қатысушысы – Ұлбосын Сәрсенбай. Бағдарламаның алғашқы түлегі атанатын Ұлбосын – бүгінде Шахтинск қаласындағы Новолинка мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Ұлбосыннан жаңа жердегі өмірі, тұрмыс ерекшеліктері жайлы айтып беруін сұрадық.

– Мен Түркістан облысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі мамандығын игердім. Кейін «Ernu.kz» сайтында журналист болып қызмет атқардым. Педагогтер арасына келіп, тәжірибе жинау оңай болған жоқ. Мені алаңдатқан мәселе – шалғай ауылдардағы мұғалімдер тапшылығы. Оған қоса қазіргі заманда шетелде және мегаполистерде оқу мүмкіндігі тұрған да ешкім ауылды таңдамайтыны тағы бар. Ауыл балаларына білім беріп, көмектескім келді. Екі жылдық тәжірибе жинау барысында мектептегі мұғалімдер көп қолдау көрсетті. Алдағы уақытта Астана қаласына ауысып, мұғалімдік жолды жалғастырмақпын, – дейді Ұлбосын.

Жас маманға басында Арқаның ауа райы мен орыс тілін меңгеруде қиындықтар болған. Кейінде жас маман жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне үйреніп кеткен.

– Бұл жерді соншалықты жақсы көріп кетемін деп ойлаған жоқпын. Басында көңілім қалмас үшін үлкен үміт артқан да жоқпын, бірақ, бәрі ойдағыдай болды. Қала кішкентай болғанына қарамастан, 40 000 адам тұрады. Мұнда инфрақұрылым жақсы дамыған. Шахтинск қаласының азаматтары әрқашан көмекке кел-

луге дайын. Көшеде балалар мені көрсе, қуанады, – дейді жас педагог.

Ал, Петропавл қаласының тұрмасы Сая Есмахан қазіргі таңда Балқаш қаласына қарасты Қоңыраттағы Ы.Алтынсарин атындағы №1 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмыс істейді.

– Университетте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын оқыдым. Осы бағдарлама арқылы басқа қаланы таңдаған себебім – өзгеріске бейім адамдармен бір ортада болғым келгендігі. Жоба көп үйретті, мұнда білікті мамандар жұмыс істейтіндіктен, педагогика саласына жан-жақты бейімделдік. Жоба тұрғылықты жерімізге дейін кепілдік беріп, барлық жағдайды жасап отыр. Менің бағдарлама аясындағы келісімшарт мерзімім аяқталуға аз қалды. Екі жыл өте шықты. Бірақ осы аймақтағы тұрғындарға, мектепке, оқушыларға үйреніп қалдым. Мектепте жұмысымды жалғастыра беремін деген ойдамын, – дейді Сая Есмахан.

Жоба қатысушысының бірі Сайёра Наркұлова – Балқаш қаласында тұратын және жұмыс істейтін география пәні мұғалімі. Оның әңгімесін тыңдай отырып, педагогикалық бейінін бірден сезіндік.

– «Мектептегі керемет күн қай күн?» десе, ойланбастан «1 қыркүйек» дер едім. Директордың орынбасары Маржан Мағазқызы бір шок гүл сыйлап, «Біздің алтын ұямыздағы жаңа оқу жылы құтты болсын!» деп сәттілік тілеген сәті сондай ұмытылмас әсер қалдырған болатын.

Мен Ы.Алтынсарин атындағы мектепте жұмыс істеймін. Бұл мектеп 500 оқушыға арналған, сонымен қатар, 40-қа жуық мұғалім жұмыс істейді. Ұжым жылы қабылдап, жағдайымызды сұрап, қамқорлық танытып отырады. Жаңадан келген сәтте өзге адамның жылы қабақ танытқаны, күлімсіреп қарағанының өзі зор қолдау екенін мойындау керек.

«Гастроном» дүкеніндегі саутушы алғаш танысқанымызда «Жаңадан келген мұғалімсіз бе?» деп сұрады. «Менің жиегіме сіздің сабақ ұнапты, үйде айтып отырады» дегені тіпті, шабыттандырды. «Оқушылар мені қалай қабылдады?» дейтін сұрағыма жауапты кездейсоқ таптым, – дейді Сайёра Наркұлова.

Турлов қолдау көрсетті

Директор сөзіне сүйенсек, «Teach for Qazaqstan» қорына демеуші бола отырып, түрлі салаларда айтарлықтай қолдау көрсетуге болады. Жоба осы орайда мониторинг жүргізеді және оның нәтижелерін бағалайды. Бағдарламаның негізін қалаушы және қоғамдық қор директоры – Гүлнара Салмен.

Жалпы, «Teach for Qazaqstan» жобасының негізгі серіктестері – Freedom Holding Corp. Бұл компания – миллиардер, инвестор және CEO Freedom Holding Corp (FRHC) негізін қалаушы Тимур Турловқа тиесілі.

2008 жылы шағын инвестициялық компания ашып, кейін оны әлемнің 20 елдерінде өкілдіктері бар халықаралық қаржы тобына айналдырған Тимур Турлов жобаның жүзеге асырылуына қолдау көрсеткен.

Бүгінде кәсіпкерлер ықпалымен жүзеге асқан жаңа «бүйірлік» білім беру жобасы «Teach for Qazaqstan» – сәтті жұмыс істеуде. Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында 24 мыңнан аса педагог жұмыс істейтіндіктен, 16 374 педагогтің жаңа жүйе бойынша біліктілік санаты бар. Дегенмен, өткен жылдары педагогтерге қажеттілік 127 адамды құрады.

Суреттер ұйымдастырушылардан



Әулетіміздің айбары болған Сапар отбасының есінде өзінің ақкөңіл де жайдары мінезімен, жарқын келбетімен қалды.

Келте ғұмыр, қамшының сабындай ғана жалған дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеді?! Тіршіліктің тізгініне бағынып, білінбестен өтіп жатқан өмір ағынына ілесе жүріп зымыраған уақытқа да тосқауыл бола алмайды екенсің. Өзекті өртеген сағыныш сөнер емес.

Арада сансыз күндер өткенімен Сапардың әр қылығы, әр айтқан сөзі жанымызда жаңғырып, санамызда сайрап тұрады хақ. Ардақты жанды сағынышпен еске алып, аруағына дұға бағыштап, мәңгілік мекенің жұмақ болсын деп Жаратқаннан тілейміз.

Өтті, кетті, зымырап талай күндер, Сен ғана жоқсың біздің арамызда. Жүрек сыздап, еңсе түсіп егілеміз, Ойсыраған орнына қараймыз да.

Кетсе де көзден ғайып – Көңілден кеткен емес, Асыл бейнең ешқашан болмас елес, «Жәннатта жаны болсын!» деп тілейміз, Алладан дұға қылып ертелі-кеш!

Сағынышпен еске алушылар: әкесі – Асхат, қарындастары Алия, Анель, қыздары Баян, Айана, Аяжан және туған-туысқандары

P.S: Марқұмның рухына бағышталатын Құран 15 наурыз Қарағанды қаласы, Ганеев көшесі 37 мекенжайындағы «Думан» мейрамханасында, ауызашар уақытында беріледі.

№122

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тасқынға – тосқын

Көп жылдық байқаудың нәтижелері көрсеткендей, Осакаров ауданы көлеміндегі 18 елді мекенді көктемде еріген қар суы басу қаупі бар. Олар: Есіл, Ақпан, Николаев, Сарыөзен, Озерный, Садовый, Қарақол, Русская Ивановка, Батпақ, Пионер, Қарағайлы, Сельстрой, Колхоз, Коллектив, Окольный, Жуантөбе, Ахмет ауылдары мен Осакаров кенті. Соның ішінде, Садоево, Қарағайлы, Николаев, Пионер және Қарақол ауылдары барынша қауіпті жерлерде орналасқан.

Ермек БАЛТАШУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ылғал мол болғанына қарамастан, 2024 жылы қар суынан ешқандай апат орын алған жоқ. Дегенмен, Пионер және Қарағайлы ауылдарында қарғын су қорғаныс үйінділерден асып төгілгендіктен қиындықтар болды. Тасқынның алдын алу үшін ауданда жыл сайын инженерлік жұмыстар жоспары жасалады.

Айталық, өткен жылы жалпы құны 35 миллион 896 мың теңге болатын 7 шара атқарылды. Оның ішінде қауіп төнген екі ауылдың шетіндегі қорғаныс үйінділері бекітілді. Сондай-ақ, Қарағайлы ауылының солтүстігіндегі, Пионер ауылының Есіл өзенін бойлап жатқан қорғаныс үйінділері де нығайтылып, Николаев елді мекені ішіндегі жолдарға диаметр 1500 миллиметрлік су өткізу құбырлары орнатылды. Осакаров кентінің ішіндегі жолдарды кесіп, ұзындығы 3 километрлік арық қазылды. Бұл жұмыстардың бәрін бәсекелестік негізде жеңімпаз атанған «Зере», «Әмір» жеке кәсіпкерлер, «Favorite company KZ-2050» ЖШС орындап шықты.

Қарғалы өзенінің Қарағайлы ауылы тұсындағы Сабырқожа өзенінің Николаев ауылы маңындағы, әрқайсының ұзындығы 3

километрлік арналарын жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттар жасалды. Тура осындай құжаттар Садовый ауылы жанынан ағатын Сабырқожа және Үлкен Құндызды өзендерінің жалпы ұзындығы 5 километрлік арналарын жөндеу мақсатымен әзірленді.

Жоғарыдағы үш өзеннің елді мекендер маңындағы арнасын жөндеуге негіз болатын, құны 27 миллион 810 мың теңге тұратын жобалық-сметалық құжаттарын «Биосфера» ғылыми-өндірістік кәсіпорны» ЖШС дайындап, олар тиісті тексерістен өткізілді. Жұмыстың өзі биыл атқарылмақ.

– Ауданның төтенше жағдайлар бөлімі алдымыздағы көктемге барынша әзірленуде. Қазір 10 мың дана қап, 1400 тонна инертті материал, 6 дана моторсыз, 11 тонна жанар-жағармай, басқа да құрал-жабдықтар бар. Сонымен бірге, кездейсоқ апаттардың алдын алу үшін жеткілікті көлемде қаржы бөлінді. Көктем қарсаңындағы ауа райының құбылысы және қарғын суға әзірлік барысы ұдайы бақылауда, – дейді «Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар» мемлекеттік мекемесінің бас инспекторы Абайбек Сағинтаев.

Осакаров ауданы

Қарағанды облысының білім басқармасы және Қарағанды облысының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, бар саналы ғұмырын білім басқармасының қызметінің өркендеуіне айрықша үлесін қосқан, қимас әріптес **Гүлнар Төлеуқызы ЖУМАГУЛОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыс, бауырларына қайғырып көңіл айтады.

Қарағанды облысының білім басқармасы және Қарағанды облысының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, бар саналы ғұмырын білім саласының өркендеуіне арнаған, білім беру ісінің құрметті қызметкері, ұлағатты ұстаз **Дарига Қамзиновна АХМЕТОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыс, бауырларына қайғырып көңіл айтады.

№121

